

**Келісілді:**

ШҚО білім басқармасы  
Риддер қаласы бойынша  
білім бөлімінің «№ 41  
«Теремок» балабақшасы» КМҚК  
әдіскерлер

 Г.А. Молдашева

 В.Г. Дарьина

« 28 » август 2023 ж.

**Бекітемін:**

ШҚО білім басқармасы  
Риддер қаласы бойынша  
білім бөлімінің «№ 41  
«Теремок» балабақшасы» КМҚК  
менгерушінің м.а.

 Г.А. Молдашева


« 28 » август 2023 ж.




**Согласованно:**

Методисты КГКП «Д/с № 41 «Теремок»  
отдела образования

по городу Риддеру УО ВКО

 Г.А. Молдашева

 В.Г. Дарьина

« 28 » август 2023 г.

**Утверждено:**

Методисты КГКП «Д/с № 41  
«Теремок» отдела образования  
по городу Риддеру УО ВКО

 Г.А. Молдашева

« 28 » август 2023 г.



**ШҚО білім басқармасы Риддер қаласы бойынша білім бөлімінің  
«№ 41 «Теремок» балабақшасы» КМҚК**

**КГКП «Детский сад № 41 «Теремок» отдела образования  
по городу Риддеру УО ВКО**

**«Буратино» мектепалды даярлық тобының  
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2023 - 2024 оқу жылына арналған қазақ тілі бойынша  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Перспективный план организованной деятельности  
на 2023-2024 учебный год на основе Типового учебного плана дошкольного  
воспитания и обучения и Типовых учебных программ дошкольного  
воспитания и обучения  
предшкольной группы «Буратино» по казахскому языку**

**Қазақ тілі пәнінің мұғалім/Учитель по казахскому языку:  
Колыбаева К.К.**

**Риддер қаласы/ город Риддер**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде

2023-2024 оқу жылына арналған қазақ тілінен ұйымдастырылған іс - әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: ШҚО білім басқармасы Риддер қаласы бойынша білім бөлімінің «№41 «Теремок» балабақшасы» КМҚК

Мектепалды даярлық тобы «Буратино»

Балалардың жасы: 5 жас

Ай	Ұйымдастырылған іс -әрекет	Ұйымдастырылған іс -әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Қазақ тілі	<p><b>Дыбыстық сөйлеу мәдениеті</b></p> <p>Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға, осы сөздерді қолдануға үйрету; ә, ү қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету.</p> <p><b>Сөздік қор</b></p> <p>Таныс сөздерді еске түсіру.</p> <p>Өз бөлмесі туралы сөздермен қаруландыру.</p> <p>Балалардың балабақша тақырыбына байланысты сөздік қорларын молайту.</p> <p>Қимыл - әрекеттерді білдіретін сөздермен қаруландыру.</p> <p>Қосымша ойыншық атауларымен таныстыру.</p> <p>Балабақшада жұмыс істейтін қызметкерлерге байланысты жаңа сөздер тізбегін беру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>Сөз тіркестерін, жай сөйлемдерді өздігінен құрастырып айтуға машықтау.</p> <p>Балабақшаға байланысты берілген сөз тіркестерін түсінуге және сөздерді байланысты құрастыруға (зат есім және</p>

		<p>сын есім, зат есім және етістік) үйрету.</p> <p>Қарапайым сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.</p> <p><b>Байланыстыра сөйлеуі</b></p> <p>Өзі туралы айта білуге үйрету.</p> <p>Ойыншықтарды педагогтің үлгісі бойынша қысқаша сипаттауға үйрету.</p> <p>Құрдастарымен диалог жүргізіп жаттықтыру.</p> <p>Білетін сөздік қорын күнделікті өмірде қолдануға машықтандыру.</p> <p>Балабақша туралы тақпақтарды жатқа айтып беру дағдыларын дамыту.</p>
Қазан		<p><b>Дыбыстық сөйлеу мәдениеті</b></p> <p>Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуды және есте сақтауды, осы сөздерді қолдануды үйретуді жалғастыру; қазақ тілінің ерекше ө, ұ, і дыбыстарын дұрыс айтуды үйретуді жалғастыру.</p> <p>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру.</p> <p><b>Сөздік қоры</b></p> <p>Күз мезгілін суреттеп айтатын сөздерді үйрету.</p> <p>Қосымша түстердің, геометриялық пішіндердің атауларын үйрету.</p> <p>Бақта өсетін жемістердің атауларын еске түсіре отырып, жаңа сөздермен таныстыру.</p> <p>Бақшада өсетін көкөністердің атауларын еске түсіре отырып, жаңа көкөністермен таныстыру.</p> <p>Менің Қазақстаным тақырыбына</p>

		<p>байланысты жаңа сөздер қатарын беру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>Жекеше және көпше зат есімдерді қолдану дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру</p> <p>Бір-біріне сұрақ қоя білу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сұраққа толық жауап беруге үйретуді жалғастыру. Сөздерді байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру.</p> <p><b>Байланыстыра сөйлеуі</b></p> <p>Күз мезгілінің, жемістердің, көкөністердің қысқаша сипаттамасын жасауға үйрету.</p> <p>Қазақстан туралы тақпақ жаттату.</p> <p>Мақал- мәтел жаттатып үйрету.</p>
Қараша		<p><b>Дыбыстық сөйлеу мәдениеті</b></p> <p>Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуды және есте сақтауды, осы сөздерді қолдануды үйрету; қазақ тілінің қ, ғ, һ дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету.</p> <p>Осы дыбыстары бар сөздерді ынта қойып тыңдауға және дұрыс айтуға үйрету.</p> <p><b>Сөздік қоры</b></p> <p>Туысқандық атаулармен таныстыру.</p> <p>Бірден онға дейін тура және кері санауға үйрету.</p> <p>Апта күндерін ретімен атауды үйрету.</p> <p>Дене мүшелері, тазалық заттары туралы жаңа сөздер қатарымен таныстыру.</p> <p>Күн тәртібі, достары туралы сөздер қатарымен қаруландыру.</p> <p>Заттардың белгілерін, санын, әрекеттерін білдіретін сөздерді айтуға үйрету.</p>

		<p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>Сөз тіркестерін жасауға үйрету.</p> <p>Сөз тіркесі, сөйлем құрап айту дағдыларын жетілдіру.</p> <p><b>Байланыстыра сөйлеуі</b></p> <p>Өз отбасы туралы шағын әңгіме құрап айта білуге баулу.</p> <p>Тақпақ, санамақтар жаттатқызып үйрету.</p>
Желтоқсан		<p><b>Дыбыстық сөйлеу мәдениеті</b></p> <p>Сөз ішіндегі дыбысын дұрыс айтқызу. Сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және нақты дикцияны дамыту.</p> <p><b>Сөздік қоры</b></p> <p>Қыс мезгілін суреттейтін сөздермен сөздік қорларын молайту.</p> <p>Туған жер, Отан туралы түсініктерін , сөздік қорларын кеңейту.</p> <p>Қыс қызықтары туралы сөздермен таныстыру.</p> <p>Жаңа жылға байланысты сөздер үйрету.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>Таныс сөздермен сөйлемдер құруды үйрету.</p> <p>Жай сөйлемдерді өздігінен құрастырып айтуға машықтау.</p> <p>Қыс мезгілі, қыс қызықтарына байланысты берілген сөз тіркестерін түсінуге және сөздерді байланыстырып құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Қарапайым сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.</p> <p><b>Байланыстыра сөйлеуі</b></p>

	<p>Өлеңдерді жатқа оқуға үйрету. Қарапайым сұрақтарға жауап беруге баулу. Педагогтің үлгісі бойынша қысқаша мәтін құрауға үйрету.</p> <p>Туған жер, Отан туралы мақал –мәтелдер жаттату.</p>
Қаңтар	<p><b>Дыбыстық сөйлеу мәдениеті</b></p> <p>Күнделікті өмірде қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету;</p> <p>Қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға және дұрыс айта білуге және сол сөздерді есте сақтауға үйретуді жалғастыру.</p> <p><b>Сөздік қоры</b></p> <p>Үй жануарлары туралы таныс сөздерді еске түсіріп, жаңа сөздермен толықтыру.</p> <p>Үй құстарына байланысты жаңа сөздер үйрету.</p> <p>Жабайы аңдардан таныс сөздерді еске түсіре отырып, басқа аңдардың қазақша атауларымен таныстыру.</p> <p>Дала құстары, қыстайтын құстар туралы білімдерін кеңейтіп, сөздік қорларын молайту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>Жекеше және көпше зат есімдерді қолдану дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.</p> <p>Қоршаған ортада жиі қолданылатын жануарлар, құстар және табиғат құбылыстарын білдіретін сөздердің мағынасын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>2-3 сөзден тұратын сөйлемдерді түсінуге үйрету.</p>

		<p><b>Байланыстыра сөйлеуі</b></p> <p>Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, қарапайым мәтіндердің қысқаша мазмұнын тыңдауға және түсінуге, айтуға және қайталауға үйрету. Тақырыптар туралы қысқа мәтіндерді өз бетінше құрастыруға үйрету.</p>
Ақпан		<p><b>Дыбыстық сөйлеу мәдениеті</b></p> <p>Сөйлеу және артикуляциялық аппараттарды дамытуды жалғастыру.</p> <p><b>Сөздік қоры</b></p> <p>Киімдердің қазақша атауларымен таныстыру, олармен әрекеттерді білдіретін сөздерді айтуға үйрету.</p> <p>Ұлттық киімдермен таныстыру.</p> <p>Тағамдардың, сусындардың қазақша атауларымен таныстыру арқылы сөздік қорларын молайту.</p> <p>Ыдыстардың қазақша атауларын үйрету арқылы сөздік қорларын толықтыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>Жекеше және көпше зат есімдерді қолдану дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. «Киемін», «Ішемін», «Жеймін» етістіктерін қолдана отырып 2-3 сөзден тұратын жай сөйлемдерді түсінуді және сөздерді байланыстырып құрастыру дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Байланыстыра сөйлеуі</b></p> <p>Тірек сызба арқылы сөз тіркесін, сөйлем құрап айту дағдыларын дамыту.</p>
Наурыз		<p><b>Дыбыстық сөйлеу мәдениеті</b></p> <p>Сөйлеу және артикуляциялық аппараттарды, тыныс алуды және нақты</p>

	<p>дикцияны дамытуды жалғастыру.</p> <p><b>Сөздік қоры</b></p> <p>Көктем мезгілін суреттейтін сөздер қатарымен таныстыру.</p> <p>Аналар мерекесіне байланысты құттықтау сөздерін үйрету арқылы жаңа сөздер үйрету.</p> <p>Наурыз мерекесіне байланысты сөздер қатарымен таныстыру.</p> <p>Ұлттық тағамдармен таныстыру арқылы сөздік қорларын молайту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>Сөз тіркестері мен сөйлемдерді құрастыруды жаттықтыруды жалғастыру.</p> <p>Сөйлем құрауда сөздерді орынды қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p><b>Байланыстыра сөйлеуі</b></p> <p>Тірек сызба арқылы көктем мезгілін, наурыз мерекесін суреттеп айтуға үйрету. Тақырыптар туралы қысқа мәтіндерді өз бетінше құрастыруға үйрету. Наурыз мерекесіне байланысты ән жаттау.</p>
Сәуір	<p><b>Дыбыстық сөйлеу мәдениеті</b></p> <p>Қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айту бойынша жұмысты жалғастыру.</p> <p><b>Сөздік қоры</b></p> <p>Көліктердің қазақша атауларымен таныстыру.</p> <p>Ғарыш әлеміне байланысты жаңа сөздермен қаруландыру.</p> <p>Ағаштардың қазақша атауларын үйрету.</p> <p>Кеңістікті бағдарлауға қатысты сөздерді меңгерту.</p>

		<p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>Сөйлемді дұрыс құру дағдыларын дамыту.</p> <p>Қысқа шығармаларды тыңдауға, түсінуге және қайталауға үйрету.</p> <p><b>Байланыстыра сөйлеуі</b></p> <p>Мұғалімнің үлгісі бойынша суреттер туралы қысқа мәтіндер құрастыру дағдыларын қалыптастыру.</p>
Мамыр		<p><b>Дыбыстық сөйлеу мәдениеті</b></p> <p>Қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын бекіту.</p> <p><b>Сөздік қоры</b></p> <p>Мамыр мерекелеріне байланысты сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.</p> <p>Жаз мезгілін суреттейтін жаңа сөздер қатарымен таныстыру.</p> <p>Жәндіктерге қатысты атаулармен таныстыру.</p> <p>Мектеп, оқу құралдарына байланысты сөздермен қаруландыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>Сөйлемді дұрыс құруды үйрету. Шағын мәтіндерді тыңдап, таныс сөздерді тауып айтуды үйретуді жалғастыру.</p> <p><b>Байланыстыра сөйлеуі</b></p> <p>Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, тақырыпты 2-3 сөйлеммен сипаттауға үйрету.</p>